

ӘНМЕН КЕЗДЕСУ



Мен Күләшті алғаш «Еңлік-Кебек» спектаклінде Еңлік рөлінде көрдім. Күләш жасаған Еңлік бейнесі күні бүгінге дейін көз алдымда. Оның сондағы актерлік алғырлығы бір мені ғана емес, театрға келген халықтың бәрін де таңқалдырды. Сонымен бірге сол жолы оның әншілік таланты да айқын танылып еді. Күләш Еңліктің «Қоштасу» әнін айтқанда көзге еріксіз жас алатынбыз.

Көп ұзамай мен Қазақ драма театры оркестрінің дирижері болып істей бастадым. Күләштің және театрдың бас режиссері Жұмат Шаниннің ұсынысы бойынша «Еңлік-Кебек» спектаклінде айтылатын әндердің барлығын дерлік нотаға түсіріп, оркестрмен айтуға лайықтап жазып бердім. Содан кейін «Еңлік-

Кебектен» басқа пьесаларға да музыка жазыла бастады. Ж. Шанин музыканы өте бағалайтын кісі еді. Өзі скрипка тартатын, домбыра шертетін. Бір күні мені шақырып алып: – «Көрдің ғой, музыкалы пьесаларды халық жақсы қабылдайды. Бұдан былай музыкалы пьесаларды көбейтеміз. Сол себепті әртістерімізге музыка сабағын жүргізбекпіз. Сіз сол жұмысты бастаңыз», – деді. Сөйтіп, мен театр әртістеріне музыка сабағын жүргізе бастадым. Олардың ішінде, әрине, Күләш те бар еді. Музыка сабағына Күләш басқалардан гөрі белсенді қатынасты және нотаны тез үйренді.

1933 жылдың аяғында драма театрының бір топ әртістері бөлініп шығып, Жұмат Шанин басшылығымен музыкалы студия құрылды. Олардың ішінде Күләш та бар еді. Олар М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасын музыкалық драмасы түрінде сахнаға қоюға дайындық жұмысына кірісті. 1934 жылы 12 қаңтарда «Айман-Шолпанның» премьерасы болды. «Айман-Шолпан» спектаклі сол алғашқы бір маусымның өзінде 101 рет сахнаға қойылды. Бұл қазақ музыка мәдениеті тарихында үлкен бір жаңалық болды. Сол студия-музыкалық театр кейін опера театры болды.

«Айман-Шолпаннан» кейін Б. Майлиннің «Шұға» пьесасы сахнаға қойылып, бұл да үлкен табыспен өтті. Осы екі пьесадағы, әсіресе, басты рөлдерді – Айман және Шұға рөлдерін ойнаған Күләштің асқан шеберлігі, тамаша әншілігі ерекше көзге түсті.

Бірде қазақ радиосындағы жолдастар мені «Екі той» атты радиопьесаға музыка жазуға шақырды. Бір актілі өлеңмен жазылған бұл пьесаның авторы Сәбит Мұқанов еді. Пьесаны қоюға режиссер болып Қалыбек Қуанышбаев, рөлдерді орындауға Күләш, Жүсіпбек, Қанабек және радионың әншісі Қуан Лекеров шақырылды.

Музыка симфония оркестрімен орындалуға тиісті еді. Сөйтіп, қызу дайындық жұмысына кірістік. Уақыт тығыз болғандықтан, музыканың түгел жазылып бітуін күтіп отырмай, дайын болғанын әншілерге үйренуге беріп отыратын болдық.

Пьесадағы Сайран атты қыз бен Жоламан атты жігіттің бірге қосылып айтатын әнін мен вальс ырғағымен жазғым келді. Қазақ музыкасында ешбір композитор вальс жазған жоқ еді.

– «Вальс – Батыс Еуропада туған музыка жанры, қазақ музыкасына ондай жанр кіргізу орындары болар ма екен?» – деген пікірлерді айтушылар да болды. Бірақ орындайтын Күләш болған соң және Күләштің үнемі жаңалық іздейтін, әрбір жаңалықты қолдайтын мінезін білгендіктен, мен вальсті жазуға кірістім.

Қазақ радиосының қызметкері Майшекинге: – «Әннің біреуі жазылып бітті» – деп хабарладым. Тіпті, сол күні кешке жақын біздің үйге Күләш, Қалыбек, Майшекин келіп: – «Қане, Хамиди, вальсті ойна, тыңдайық», – деді.

Мен «Енді не болар екен?» – деген оймен вальсті ойнауға кірістім. Күләш ыңылдап отырып сол арада әнді үйреніп алды. Ол жаңа музыканы тез үйреніп алатын өте алғыр еді. Содан кейін Күләш нотаға қарап, әннің алғашқы шумағын айтып берді. Вальстің Күләшке ұнағанын байқағанда күдігім қуанышқа ұласты. Басқалар да вальсті ұнатып тұр екен. Сөйтіп, сол күні Күләш вальстің нотасын концертмейстермен бірге дайындалып, үйрену үшін алып кетті. «Қазақ вальсі» дүниеге осылай келді. Вальсті бірнеше концертте орындаған Күләш бір күні маған мынадай ұсыныс жасады: – «Латеке! Осы вальс деген көңілді, жеңіл музыка ғой. Бірақ сіз аяғын созыңқырап бітіріпсіз. Оның орнына кішкене бір ойнақы леп кіргізсең қайтер еді?» – деген ұсыныс жасады. Содан кейін мен вальстің аяғын осы күні орындалып жүрген нұсқасында «Ха-ха, ха-ха» – деп аяқталатын етіп қайтадан жазып бердім.

Бұл мысал Күләштің тек әнші ғана емес, қажет жерінде композиторларға ой салатын ізденімпаз, жаңашыл талант екенін дәлелдесе керек.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Сондай қуанышты күндердің бірінде Күләш маған былай деп еді: – «Мен өзімнің репертуарыма қарап отырсам, шаттық әндер оншалық көп емес екен. Қазір соғыс бітіп, ел ерекше қуанып жатқан жағдайда біз сол шаттықты өз шығармамызбен айқын жеткізуге тиістіміз. Сізге айтар тілегім, жақсы бір ән жазсаңыз екен. Айталық, мінеки, қазір жаз, аспан ашық, айнала жап-жарық. Дүние тамылжып тұр. Бақтарда бұлбұлдар сайрайды. Осы бақытты өмірді неге бізге бұлбұл үнімен бейнелемеске...».

Қазір кең тараған «Бұлбұл» әні осылайша, Күләштің ой салуы нәтижесінде дүниеге келіп еді.

Айта берсек, мұндай мысалдар көп. Менің айтпағым, Күләш тұла бойына өнердің тұнба қазынасын құйып алған, тұнық талант еді. Содан да Күләшпен – кездесу әнмен кездесу еді.